

Дақыл тізбесі мен субсидия нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2017 жылғы 23 қазандағы № 294 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 31 қазанда № 4248 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 11 қарашадағы № 224 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 11.11.2020 № 224 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Жеміс-жидек дақылдарының және көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-1/168 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 33 бұйрығына сәйкес Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14811 болып тіркелген, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) жеміс-жидек дақылының көпжылдық екпесінің тізбесі осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес;

2) жеміс-жидек дақылының көпжылдық екпелерін отырғызу және өсіруге (оның ішінде қалпына келтіруге) арналған субсидия нормалары (1 гектарға) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны аумақтық әділет органында тіркелуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Оңтүстік Қазақстан облысында таралатын мерзімді басылымдарға жіберуді;

4) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 21 шілдедегі № 224 " Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге шығындардың құнын ішінара өтеуге арналған субсидиялардың нормаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3307 нөмірмен тіркелген, 2015 жылғы 11 тамызда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Д.А.Сатыбалдыға жүктелсін.

5. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі Ж.Түймебаев

Д.А.Сатыбалды

Ә.Е.Тұрғымбеков

Б.С.Жамалов

Е.Ә.Садыр

Ұ.Сәдібеков

Т.Қ.Сәрсембаев

А.С.Сәбитов

Оңтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2017 жылғы
23 қазандағы № 294
қаулысына 1 – қосымша

Жеміс-жидек дақылының көпжылдық екпесінің тізбесі

№ р/н	Дақыл түрі
1	апорт

Оңтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2017 жылғы
"23" қазандағы № 294
қаулысына 2 - қосымша

Жеміс-жидек дақылының көпжылдық екпесін отырғызу және өсіруге (оның ішінде қалпына келтіруге) арналған субсидия нормалары

Дақыл түрі	Отырғызу және өсіру (1 өсу жылы)		2 өсу жылы		3 өсу жылы		4 өсу жылы		5 өсу жыл	
						Субсидия н ы н				

	Екпенің сызбасы , м	Барлық шығын	Субсидияның нормасы (40%)	Барлық шығын	Субсидияның нормасы (40%)	Барлық шығын	нормасы (40%)	Барлық шығын	Субсидияның нормасы (40%)	Барлық шығын	С н 4
апорт	8х6	1753400	701360	538300	215320	538400	215360	590700	236280	540700	2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК